| | топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру.<br>Дәптермен жұмыс 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Саусақтарымен цифрлардың үстінен бастырып жүргізеді.<br>Ермексаздан жасап көрсетулерін сұрайды. Топта көрме жұмысын ұйымдастыруға болады. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы қарауға болады.<br>3-тапсырма. Балалар суретті қарайды. Жануарларды, гүлдерді атайды, цифрларды жазады.<br>Сұрақ қояды:<br>– Суретте не бейнеленген?<br>– Жайылымда неше жануар жайылып жүр?<br>– Қандай гүлдер өсіп тұр? Олар нешеу?<br>– Енді жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Нешеу? | Демонстрациялық материалмен жұмыс (15-кесте). Педагог 7, 8, 9 цифрларын көрсетеді. Қажетті заттар саны бар суреттерді табуды ұсынады. Балалар заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін үйренеді.<br>Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы орындайды, суретте не бейнеленгенін айтады. Әр тәрелкеде көрсетілген санға сәйкес тәтті тоқаштар болу керек. Жетіспейтін тәтті тоқаштарды толықтырып жапсырады. Балалар тапсырманы орындайды.<br>Сергіту сәті.<br>8 рет секіру, 9 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру.<br>Дәптермен жұмыс 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Саусақтарымен | **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату:**<br>**Тепе-теңдік: гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен тұру; педагогтің белгісі бойынша көздерін жұму. Статикалық тепе-теңдіктерін сақтап, денелерін алға еңкейтпеуге тырысады.**<br>**«Геометрия сабағы» Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету (таспадан жасалған геометриялық фигуралар). Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту және жерге түскенде тепе-теңдіктерін сақтай білуге үйрету. Таспадан жерге геометриялық фигураларды қалай жасау керектігін көрсету.**<br>**Фигураның дәл** | Жетіспейтін тәтті тоқаштарды толықтырып жапсырады. Балалар тапсырманы орындайды.<br>Сергіту сәті.<br>8 рет секіру, 9 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру.<br>Дәптермен жұмыс 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Саусақтарымен цифрлардың үстінен бастырып жүргізеді.<br>Ермексаздан жасап көрсетулерін сұрайды. Топта көрме жұмысын ұйымдастыруға болады. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы қарауға болады.<br>3-тапсырма. Балалар суретті қарайды. Жануарларды, гүлдерді атайды, цифрларды жазады.<br>Сұрақ қояды: | І кезең: «Таныстыру». Балалар өздерін таныстырады. (Менің атым  Мен бес жастамын. Мен балабақшаға барамын).<br>ІІ кезең: «Білгенге – маржан». Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек.<br>– Мамандық иелерін ата?<br>– Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>– Бөлмеде не бар?<br>– Сыпайы сөздерді ата.<br>– Таңертең не істейміз?<br>– Апта күндерін ата. т.б<br>ІІІ-кезең:«Кім тапқыр?». Бұл кезеңнің шарты әр сөздің тек аудармасын айту керек.<br>Моя Родина – Менің Отаным<br><br>квартира –пәтер<br>комната– бөлме<br>коридор – дәліз кухня – асүй спасибо – рақмет<br>продавец – сатушы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Аспанда қанша бұлт бар?<br>–Қанша көбелек ұшып жүр?<br>Қажетті цифрды жазады.<br>4-тапсырма. Сандарды реті бойынша сызып қосады, тапсырманы орындайды.<br>– Текшелердің қайсысы басқаларынан ерекшеленеді? (4 саны бар, мөлшері мен түсі әртүрлі.)<br>«Шашыраңқы сандар » дидактикалық ойыны | цифрлардың үстінен бастырып жүргізеді.<br>Ермексаздан жасап көрсетулерін сұрайды. Топта көрме жұмысын ұйымдастыруға болады. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы қарауға болады.<br>3-тапсырма. Балалар суретті қарайды. Жануарларды, гүлдерді атайды, цифрларды жазады.<br>Сұрақ қояды:<br>– Суретте не бейнеленген?<br>– Жайылымда неше жануар жайылып жүр?<br>– Қандай гүлдер өсіп тұр? Олар нешеу?<br>– Енді жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Нешеу?<br>– Аспанда қанша бұлт бар?<br>–Қанша көбелек ұшып жүр?<br>Қажетті цифрды жазады. | **ортасына секіріп түсуге тырысады.**<br>**«Бағдарлау сабағы» ( 2 минут)**<br>**Екпіндерін өзгертпей, бірақ бағыттарын өзгертіп жүгірту. Қол мен аяқты үйлесімді қозғауларына назар аударту: қолдарын алдыға, жоғары кеуде тұсына дейін көтереді, сонан соң шынтақтарын артқа жібереді; жерге аяқтарының басымен басып, қысқа адымдайды. Педагогтің бұйрығымен бағыттарын ауыстырады.**<br>**«Әртүрлі білімдер сабағы»**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін»** | – Суретте не бейнеленген?<br>– Жайылымда неше жануар жайылып жүр?<br>– Қандай гүлдер өсіп тұр? Олар нешеу?<br>– Енді жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Нешеу?<br>– Аспанда қанша бұлт бар?<br>–Қанша көбелек ұшып жүр?<br>Қажетті цифрды жазады.<br>4-тапсырма. Сандарды реті бойынша сызып қосады, тапсырманы орындайды.<br>– Текшелердің қайсысы басқаларынан ерекшеленеді? (4 саны бар, мөлшері мен түсі әртүрлі.)<br>«Шашыраңқы сандар » дидактикалық ойыны<br>**4.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы**<br>Мақсаты: әртүрлі мамандық иелері | строитель – құрылысшы врач – дәрігер т.б<br>Балалар әр айтқан сөздері үшін фишка алады. Ойын соңында фишкалар саналып, ең көп фишка жинаған бала жеңімпаз аталады.<br>Сергіту сәті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4-тапсырма.<br>Сандарды реті бойынша сызып қосады, тапсырманы орындайды.<br>– Текшелердің қайсысы басқаларынан ерекшеленеді? (4 саны бар, мөлшері мен түсі әртүрлі.)<br>«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны | | туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету.<br>Сергіту сәті<br>Дөңгелене тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Киіз үйді құрайық.<br>Үлестірмелі суреттермен жұмыс<br>«Кімде не бар?» суреттегі заттарды атап, көрсетеді.<br>Менде кереует бар. т.с.с<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1. Суреттерде қандай үйлер бейнеленген? Сен қай үйде тұрасың? Бөлмелерді ата. Бөлмелерде нелер бар?<br><br>Мысалы: Қонақ бөлме жарық, таза, әдемі. Қонақ бөлмеде әдемі кілем бар.<br>Қандай үйде тұрғың келеді? Суретін сал.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ойын жаттығуы:<br>«Сен қайда тұрасың?».<br>Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады.<br>-Қай көшеде, қандай үйде тұрасың?<br>Сергіту сәті<br>Дөңгелене тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Киіз үйді құрайық.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1. Суретте қандай бөлме бейнеленген? Бөлмеде нелер бар?<br>2. Өзіңнің бөлмеңде бар заттардың суретін сал. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс:**<br>«Қоржынды сәндейміз»<br>**Мақсаты:** Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, | **Жеке баламен жұмыс:**<br>«Отбасының күзгі еңбегі»<br>**Мақсаты:**<br>Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу. Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қарым- қатынас | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Үміттің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br>Жаннұр,Сағынған | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Арланға қаламды дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **Жеке баламен жұмыс:** «Автобус»<br>**Мақсаты:**Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Сурет салу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br>Жанайдар,Димаш | іс –әрекеті<br>Жан,Сағынған | | | Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br>Айзере,Айару |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Жанның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» |

**Бекітемін:** **С.Дүйсеғалиева**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Топ ______Мектепалды даярлық сыныбы_____**
**Балалардың**
**жасы_______5-6 жас_**
**Жоспардың құрылу кезеңі : Қазан айы (21-25.10) IV апта 2024 жыл**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу** | Көңілді шеңбер «Амандасайық» | Таңғы шеңбер «Денсаулық ол-шынықсаң» | **Амандасу** Шынығайық бәріміз «Шынықтыру жасап біз, мықты болып өсеміз» | Таңертеңгілік шеңбер «Кел жарысайық» | |
| **Баланың дербес әрекеті. Үстел үсті ойыны. Баяу қимылды ойындар. Бейнетаспа,кітаптар көру.** | «Ұшты-ұшты» **Мақсаты:** Балалар әуеде ұшатын заттарды ажырата алады | «Әдемі үйшік» Мақсаты:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады | «Тәрбиеші апайлар» Мақсаты: Өздерін апайларының орынына қоя алады | «Шаштараз» Мақсаты:Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі** | **1.Дене шынықтыру** **2.Қоршаған ортамен танысу :** еңбекке баулу,тілдік қарым-қатынас | **1.Сөйлеуді дамыту** **2. Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті (Сурет/Мүсіндеу** | **1.Қоршаған ортамен танысу:** еңбекке баулу,тілдік қарым-қатынас **2.Музыка** | **.1 Сауат ашу негіздері:** қазақ тілі(тілдік қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет **2.Сөйлеуді дамыту** | **1.Музыка** **2.Көркем әдебиет** **3.Дене шынықтыру** **4.Қазақ тілі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Сауат ашу негіздері:** қазақ тілі(тілдік қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет<br>**4.математика негіздері:**Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | **/Жапсыру/Құрастыру)**<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**4.Математика негіздері: Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет** | **3.Сауат ашу негіздері:** қазақ тілі(тілдік қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет<br>**4.Дене шынықтыру** | **3. Математика негіздері:** Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет<br>**4.Қазақ тілі** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бізбен бірге және бізден артық орында»**<br>**Мақсаты: а) Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.**<br>**I. «Кім зейінді?» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды.** | 1.**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі.**<br>**Мақсаты: Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.**<br>**Міндеттері: 1. Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу.**<br>**2. Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету.**<br>**3. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу (**Педагог жаттығуды қимыл-қозғалыс арқылы орындатады).<br>– Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады). | **1.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері**<br>**Мақсаты: еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру.**<br>**Міндеттері: 1. Суреттер арқылы еліміздің рәміздері туралы әңгімелей білуге баулу.**<br>**2. Әр рәміздің мән-мағынасын әңгімелету арқылы зейіндерін дамыту.**<br>**3. Өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, елжандылыққа тәрбиелеу.**<br>**Әңгіме өткізу. – Мемлекеттік рәміздерге не** | **1 Сауат ашу**<br>**Тақырыбы: Дыбыстық талдау**<br>**Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.**<br>**8**<br>**Міндеттері: 1. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.**<br>**2. Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту.**<br>**3. Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу**<br>«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Педагогтің сол жағына қыздар, оң**<br><br>**жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады. II. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату Еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүру.**<br><br>**Екі аяқпен заттар арасымен (арақашықтықтары – 1 м) секіру. Сызықтан модульге дейінгі қозғалыс барысында арақашықтықтарын сақтайды. Модульді оң немесе сол жақтан айналып өтіп, тізбекке жүгіріп келеді. Содан кейін келесі бала еңбектейді. ( 3 рет).** | – Иә, тіл, ауыз керек, **онсыз** түсінісу өте қиын.<br>Педагог бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр,<br>қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады. Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді.<br>Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>**24**<br>– Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бірбірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. | **жатады? – Мемлекеттік Елтаңба. – Мемлекеттік Ту. – Мемлекеттік Гимн. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі. Қазақстан Туының авторы – Шәкен Ниязбеков. – Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбаның негізі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-** | жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды. «Тал» сөзінің дыбыстық талдауы. [Т] дыбысы тек салдырдан жасалады, тіл тіске тиіп, кері қайтады, үн мүлде шықпайды сондықтан қатаң дауыссыз дыбыс. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері**<br>**Мақсаты: еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру.**<br>**Міндеттері: 1. Суреттер арқылы еліміздің рәміздері туралы әңгімелей білуге баулу.**<br>**2. Әр рәміздің мән-мағынасын әңгімелету арқылы зейіндерін дамыту.**<br>**3. Өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, елжандылыққа тәрбиелеу.**<br>Әңгіме өткізу. – Мемлекеттік рәміздерге не жатады? – Мемлекеттік Елтаңба. – Мемлекеттік Ту. – Мемлекеттік Гимн. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. – Қазақстан Республикасының | – Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды<br>**2. Шығармашылық бейнелеу**<br>**іс-әрекеті (Сурет/Мүсіндеу /Жапсыру/Құрастыру)**<br>Жұмбақтар<br>Төрт бұрышты шыны ыдыс<br>Іші толы су ыдыс.<br>Осы үйдің тұрғындары,<br>Шетінен шебер жүзгіш.<br>(Аквариум.)<br>Суда оның өмірі, суда оның корегі,<br>Аузы бар, ізі жоқ, терісі бар, жүні жоқ.<br>Аяғы жоқ жүрмейді, қанаты бар ұшпайды,<br>Жер бетінде сусыз өмір сүре алмайды.<br>(Балық.)<br>Балаларды табиғат бұрышына саяхат жасауға шақырады. Аквариумдағы балықтардың қозғалысын бақылайды. Балықтардың дене құрылысының ерекшеліктеріне зер салады. Балықтардың | **негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір суретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. Әрбір адамға жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Елтаңбанын авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов. Еліміздің гимні – «Менің Қазақстаным» әні. Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов. Мемлекеттік Гимнді орындарынан тұрып, оң қолдарын жүректерінің тұсына** | Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. [А] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылады, үсті дөңестеледі. Бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарай жуан дауысты дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. [Л] – үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді. л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. «Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Сергіту сәт<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Отбасының күзгі еңбегі.**<br>**Мақсаты: Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.**<br>**Міндеттері: 1. Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу.**<br>**2. Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету.**<br>**3. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі. Қазақстан Туының авторы – Шәкен Ниязбеков. – Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбаның негізі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында | қабыршағы, жүзу қанаты, көзі, аузы, желбезегі болады. – Сендер қалай ойлайсыңдар, балық қабыршақсыз өмір сүруі мүмкін бе? Ендеше, біз балықтың денесін қабыршақтармен қаптап берейік. Үлестірмелі материалдағы үлгісінде балықтың дайын бейнесіне назарларын аудару. **3.Көркем әдебиет Тақырыбы: арыстан мен тышқан ертегісі Мақсаты: таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру. Міндеттері: 1. Рөлді шығармашылықпен сахналауға баулу. 12 2. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. 3. Өз ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.** Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? | **қойып орындайды. – Рәміздерді қандай жерлерге іледі? Балалар қай жерлерде Қазақстанның Мемлекеттік Туының ілініп тұрғанын көргенін айтады. – Елбасы Қасымжомарт Тоқаевтың мемлекеттік рәміздер туралы жаңа қаулысы шықты. Қаулы бойынша қазақстандықтардың Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында, тек мемлекеттік зәулім ғимараттарда ғана емес, сонымен қатар балкон мен терезелерге де Мемлекеттік Туды ілуге болады**<br><br>**2.Музыка**<br><br>**Тақырыбы: Сабантойды тойлаймыз Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова). Күйді тыңдай отырып** | **дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу** Күз мезгілі қандай? – Күз мезгілінде айнала сары болады. – Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. – Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары. Керемет көрініс. Педагог сөздік жұмысын жүргізеді. Алаша, жамырап деген сөздердің мағынасын түсіндіреді. Алаша – төсеніш, жамырап түсу – жапырақтардың көп түсуі. – Сендерге өлең ұнады ма ? – Ендеше мен қайталап оқимын, сендер естеріңе сақтап алуға тырысыңдар. Педагог өлеңді қайталап, мәнерлеп оқып береді. Балаларға өлең жолдарын бірнеше рет қайталату арқылы өлеңнің бірінші шумағын жаттатады. Сергіту сәті: Оңға қарай түзу тұр, Солға қарай түзу тұр. Алға қарай бір қадам, Артқа қарай бір қадам. Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық. Педагог балалардан өлең шумағын сұрайды. – | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. Әрбір адамға жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Елтаңбанын авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов. Еліміздің гимні – «Менің Қазақстаным» әні. Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов. Мемлекеттік Гимнді орындарынан тұрып, оң қолдарын жүректерінің тұсына қойып орындайды. – Рәміздерді қандай жерлерге іледі? Балалар қай жерлерде Қазақстанның Мемлекеттік Туының ілініп тұрғанын көргенін айтады. – Елбасы Қасымжомарт Тоқаевтың мемлекеттік рәміздер туралы жаңа қаулысы шықты. Қаулы бойынша қазақстандықтардың Отанына деген | – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>– Тышқанды арыстан қалай ұстап алды?<br>– Тышқан арыстанға не деді?<br>– Арыстан тышқанның уәдесіне неге күлді?<br>– Арыстан тұзаққа қалай түсті?<br>– Арыстанның даусын естіген тышқан қандай көмек жасады?<br>– Арыстан тышқанның көмегіне неге ұялды? Қалай ойлайсың?<br>Сергіту сәті (қимылмен орындайды):<br>Орманға біз барамыз,<br>Ағаштарды аралап,<br>Арыстан болып ақырып,<br>Тышқанша біз жүреміз.<br>**4.Математика негіздері: Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет**<br>**Тақырыбы: заттарды өлшемі бойынша салыстыру**<br>**Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.**<br>**Міндеттері:** | **алған әсерлерін ортаға салу, күйдің мағынасын түсіндіру. Д. Нұрпейісова туралы мәлімет беру, портретін көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір-бірін тыңдай отырып, айғайламай, дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Үйренген ән «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Көңілді қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен үнтаспада). Би элементтерін мәнерлеп орындауға** | Балалар, бүгін дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктермен танысамыз. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?» Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.<br>**2. Математика**<br>**Тақырыбы: заттарды өлшемі бойынша салыстыру**<br>**Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.**<br>**Міндеттері:**<br>**1. Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйіспеншілігін арттыру мақсатында, тек мемлекеттік зәулім ғимараттарда ғана емес, сонымен қатар балкон мен терезелерге де Мемлекеттік Туды ілуге болады<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Буынға бөлейік**<br>**Мақсаты: сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру.**<br>**Міндеттері: 1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.**<br>**2. Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру.**<br>**3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу**<br>**«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны**<br>**Шарты: педагог бір буынды айтады, балалар** | **1. Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету. Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру.**<br>**2. Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.**<br>**3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу**<br>Демонстрациялық материал, 3, 4-кестелер.<br>Практикалық жұмыс<br>Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе топпен таратады.<br>Парақты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен | **үйрету. Еске сақтауға, ырғақты сезіне орындауға қалыптастыру.**<br><br>**3.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз**<br>**Мақсаты: буындардан сөз құрауға үйрету.**<br>**Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру.**<br>**2. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту.**<br>**3. Шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу**<br>**Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Педагог тақтаға қыс сөзінің сызбасын іледі. – Балалар мен қыс сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен** | **қоя білуге үйрету. Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру.**<br>**2. Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.**<br>**3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу**<br>Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет». Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды. Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді. – Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ).<br>Дәптермен жұмыс<br>Педагог 2-тапсырманы орындауды ұсынады. Цифрлардың үстінен саусағымен жүргізеді. Ермексаздан жасайды. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады.<br>те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік).<br>ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ).<br>өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші)<br>«Буынды қос» дидактикалық ойыны<br>– Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.<br>Дәптермен жұмыс<br>1.Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл.<br>2. Буынға бөл. Неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қос.<br>Сергіту сәт** | және кіші; түсі бойынша –<br>сары, қызыл, жасыл.<br>Сергіту сәті.<br>Қолдарымызды көтереміз,<br>Кейін төмен түсіреміз.<br>Екі жаққа қолды созып<br>Алақанды беттестіріп<br>Қолымызды шапалақтап,<br>Көңіл күйді көтереміз.<br>Одан кейін жылдамдатып қол соғамыз.<br>Дәптермен жұмыс<br>Педагог 3-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Үлкен заттарды қызыл, кішкентай заттарды сары түспен бояйды.<br>Әр зат қайда орналасқанын айтады, жеке жұмыс жүргізеді.<br>«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.<br>Педагог 6-беттегі №3 тапсырманы орындауға ұсынады. Педагог фигураларды атауға шақырады. Әрі қарай әр фигураны басқа торкөзге жылжыту керек екендігіне және өлшемін өзгертуге назар аударады. | **белгілеп отырыңдар.<br>– Қыс сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Қыс сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Бірінші дыбысы қандай дыбыс? – Бірінші дыбысы – «қ» дыбысы. – «Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?<br>– «Қ» дыбысы – дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда, тек салдырдан жасалады. – Қандай түспен белгілейміз? – Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап қыыыс сөзін оқиды. – «Ы» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па? – Жуан дауысты** | қарауға болады. Топтағы практикалық жұмыс. 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Бұл санды үшбұрыш деп атауға болады. 10 дөңгелек санап, үшбұрыш құрастырады. Сергіту сәті. Иығыңды көтер, Шегірткедей секір. Түрлі түсті етікпен 10 рет секір екі аяқпен. Ал енді оң аяқпен Соқпақ жолмен, Одан кейін сол аяқпен Соқпақ жолмен. Иықтарын көтереді. Екі аяқпен 10 рет секіру. Оң аяқпен 10 рет секіру. Сол аяқпен 10 рет секіру.<br>Дәптермен жұмыс<br>**4.Қазақ тілі<br>Тақырыбы: Менің пәтерім<br>Мақсаты:<br>Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру** «Менің Отаным». **Жаңа сөздермен таныстыру**: | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: 10 саны**<br>**Мақсаты: 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.**<br>**Міндеттері:**<br>**1.10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету.**<br>**2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.**<br>**3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу**<br>Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет». Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды. Балалар 21- | Балалардан тапсырманы орындар алдында ауада қолының қимылын көрсетуді сұрайды. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді. | **дыбыс, өйткені [ы] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «қысcс»сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? Дұрыс айтасыңдар, «с» дыбысы естіліп тұр. – «С» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «С» дыбысы дауыссыз дыбыс. – Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба? – «С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, айтылғанда тек салдырдан жасалады. – Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен** | менің Отаным, тәуелсіз, мемлекет. Менің Отаным - ме-нің О-та-ным. Тәуелсіз - ә-ә -ә – тә-уел-сіз – тәуелсіз Мемлекет – мем-ле-кет, мемлекет.<br>Педагог балалармен суреттер арқылы сөздерден сөйлем, шағын мәтін құрау.<br>*Біздің Отанымыз – Қазақстан. Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Қазақстан мемлекетінің Президенті бар. Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.* (Балалар сөйлемдерді, мәтінді қайталайды).<br>Дидактикалық ойын: «Аудармашы».<br>Педагог орыс тілінде сөздерді айтады, балалар аударады. Моя Родина – Менің Отаным. Независимый – тәуелсіз. Государство – мемлекет.<br>**Тақпақ жаттау.**<br>Отан – сенің ата-анаң,<br>Отан – досың, бауырың,<br>Отан – өлкең, астанаң,<br>Отан – аудан, ауылың.<br>Е. Өтетілеуұлы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді. – Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ). Дәптермен жұмыс Педагог 2-тапсырманы орындауды ұсынады. Цифрлардың үстінен саусағымен жүргізеді. Ермексаздан жасайды. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы карауға болады. Топтағы практикалық жұмыс. 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Бұл санды үшбұрыш деп атауға болады. 10 дөңгелек санап, үшбұрыш құрастырады. Сергіту сәті. Иығыңды көтер, Шегірткедей секір. Түрлі түсті етікпен 10 рет секір екі аяқпен. Ал енді оң аяқпен Соқпақ жолмен, Одан кейін сол аяқпен Соқпақ жолмен. Иықтарын көтереді. | | **белгілейміз. Қыс – 1 буын, 3 дыбыс. Дәптермен жұмыс**<br><br>**4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз – болашақ әскерміз!» Мақсаты: а) Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру. ә) Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру.**<br>Үлкенге де сіз Кішіге де сіз<br>Сәлем бердік бәріңізге<br>Құрметпенен біз.<br>Сәлеметсіз бе! Сәлем!<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! | Педагог тақпақты 2-3 рет қайталап айтады. Балалар жаттайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Керегені жазайық,<br>Шаңырақты құрайық.<br>Уық болып, иіліп, Киіз үйдей болайық.<br>*Сөздік ойын:* «Сұрақ-жауап»<br>– Сенің Отаның қалай аталады?<br>– Менің Отаным – Қазақстан.<br>– Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады).<br>– Отанымыздың бас қаласын ата?<br>– Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан.<br>– Қазақстан қандай мемлекет?<br>– Қазақстан – тәуелсіз мемлекет.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Екі аяқпен 10 рет секіру. Оң аяқпен 10 рет секіру. Сол аяқпен 10 рет секіру.<br>Дәптермен жұмыс | | 2. Негізгі кезең<br>I. Тізбекке бір-бірден тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындатады.<br>Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту.<br>Жеңіл, ырғақпен жүреді. Дене бітімдерін, бастарын түзу ұстайды.<br><br>Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амлитудада ұстап, 3 метрге дейін жүру.<br>II. Жұппен ЖДЖ «Жұп фигура» ойын-жаттығуы. Педагогтің нұсқауларын дұрыс және жұбы екеуі қимыл-қозғалыстарын үйлестіріп орындауға тырысады.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату: | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Түстерді дидактикалық материалдармен ойнату арқылы үйрету | Сандарды санату | | Дыбыстарды үйрету | Әріптерді салуға дағдыландыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.Жаннұрдың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» |